

УДК 94 (574)

ТАРИХЫ ТЕРЕҢ – ТОБЫЛ-ТОРҒАЙ

Абдрахиева Кымбат Маратовна

abdrakhiyeva@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің 1 курс магистранты,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші: т.ғ.к., доцент Мухаметжанова Н.А.

Рухани жаңғыру – Қазақстандықтардың салт-санасы мен дүниетанымын өзгертетін қозғаушы күш, ұлттық құндылықтарымызды ұмытпай, жаһандық жаңашылдыққа жетелейтін жол. Соның негізінде Қазақстанның киелі жерлерін зерттеу ұлттық мұрат жолында жүзеге асырылатын қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі.

Осы ретте, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақала осы ұлттық идеямызды жаңғыртуға септігін тигізді деуге болады. Онда Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі. Ұлы Даланың көз жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған, біз – ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Біз тарихымызда осынау көркем, рухани, қастерлі жерлеріміздің біртұтас желісін бұрын-соңды жасаған емеспіз. Мәселе еліміздегі ескерткіштерді, ғимараттар мен көне қалаларды қалпына келтірумен ғана шектелмеу керек. Идеяның түпкі төркіні Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен

Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында бір тұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзейді»[1] – делінген. Мұның бәрі тұтаса келгенде халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрайды. Қазақстанның киелі жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де бізді кез- келген рухани жұтаңдықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы.

Кең байтақ Тобыл-торғай жерінің төсінде небір әсем тарихи, мәдени құрылыс-сәулет өнерінің ғажайып үлгілері уақыт сынына сыр бермей, ғасырлар аттап бүгінгі күнге жеткені асылдың өзгеден артық бағасын танытқандай.

Қостанай облысының киелі (сакралды) орындарының картасына енген киелі орындарының бірі ***Қамысты қорғанысы (1 сурет)***. Ежелгі адамдар қаласы Ресейдің шекарасына жақын және Челябин облысындағы атақты Арқайыммен бір ендікте жатқаны себепте оны көпшілік жағдайда Арқайым-2 деп атайтынын айта кету керек. Арқайым археологиялық ескерткіші елді мекеннің оңтүстігіне қарай 4 шақырым жерде жатқан төңіректегі биік төбешіктің атауы бойынша аталған. «Арқайым» атауы төркінің «жота», «арқа», «негіз» деген сөздерінен шыққан. Ашылғанына көп болмаған ежелгі Арқайым қалашығы – бұл Оңтүстік Оралдағы жеті немесе одан да көп ежелгі қалалардан тұратын тұтас кешен. «Қалалар елі» шартты түрде Ресей Арқайымы, «Арқайым-І» және Қазақстан



Арқайымы - Қамысты болып бөлінеді. Осылайша, Қамысты («Арқайым-2») әзірше ғылымда «арийлер» деген атпен белгілі ежелгі үнді-еуропалық тайпалардың отырықшылық мәдениетінің Қазақстан аумағында табылған, біздің дәуірімізге дейінгі III-II мыңжылдық аралығына жатқызылатын бірден-бір белгілі ескерткіші болып табылады [2, 40 б].

Арқайымды 1987 жылдың маусымында археологтар С.Г.Баталов пен В.С. Мосиннен, археологиялық бағытта білім алып жатқан бірнеше студент пен осындай үйірмелерге қатысатын мектеп оқушыларынан тұрған Орал-Қазақстан археологиялық экспедициясы ашты. Кейін 1990 жылдың жазында В.Н.Логвин жетекшілік ететін Торғай археологиялық экспедициясы осы бір тамаша ескерткішке алғашқы сипаттама жасады және «Комаровка12 елді мекені» деген атау берді.

Мұның ежелгі ірі елді мекен болуы мүмкін деген болжауды алғаш айтқан Комаров орта мектебінің мұғалімі, өлкетанушы, тұрақты гид В.В.Мыльцев болды. Денисов тарихи-

өлкетану мұражайында археология бойынша тұрақты жұмыс істейтін көрме бар, оған ежелгі қазақстандық Арқайымның бетінен кездейсоқ табылған жәдігерлер – керамика сынықтары, тас пен сүйектен жасалған еңбек құралдары, сондай-ақ мұражайға В.В.Мыльцев берген қоладан жасалған сирек кездесетін бұйымдар қойылған. Барлық табылған заттарға олардың ертеде жасалғанын растайтын кәсіби баға берілген. Біздің Арқайым да ресейлік секілді дөңгелек пішінде салынған. Мұндай қалаларды күн-қала деп атаған. Елді мекенді Н.В.Левит 1956 жылғы ұшақтан жасаған фототүсірілімге талдау жасау барысында 1995 жылы анықтаған. Ресейлік Арқайым да, біздің Арқайым да анықталды, қалаларды өзара байланыстырып жатқан керуен жолдары анық көрінді. Біздің Арқайым ресейліктен көлемі бойынша үлкен болғанына қарамастан оған көңіл аударылмаған. Комаров ауылының аумағында адамзаттың барлық даму тарихы көрініс тапқан. Бұл жерден адамның ежелгі тас дәуірінен бастап қола дәуіріне және орта ғасырға дейінгі өмірін байқауға болады. Ауылдың аумағы бір кездерде Түркі қағанаты және Қыпшақ хандығы секілді мемлекеттердің құрамына енген. Қазақстандық Арқайым – бұл алдағы уақытта зерттелетін тамаша қорғанқамал, ғылым ордасы, шаһар-шеберхана, ежелгі дәуірдің расытханасы [3, 6 б.].

1 сурет. Қамысты қорғанысы



Қамысты - сирек кездесетін археологиялық ескерткіш, Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасы үшін бірегей құбылыс. Арқайым-2 бүкіл әлемдік тарих ғылымы мен мәдениеті үшін зор маңызға ие.

Келесі тарихи және сәулет өнері ескерткіші болып табылатын **Екідің құрылысы (Дің-1 және Дің-2)**. Екідің – VIII-IX ғасырлардан сақталған сәулет өнері ескерткіштері шамамен ерте темір дәуірінде пайда болған. Қостанай облысы Арқалық қаласы, Екідің ауылының солтүстік-шығысына қарай, Қараторғай өзенінің екі жақ жағасында орналасқан. Ол ертедегі екі рәсімдік құрылыс жабайы тастан киіз үй тәріздес салынған.

Ескерткішті 1959 жылы Ә.Марғұлан жетекшілік еткен ғылыми экспедиция зерттеген. Академик Әлкей Марғұланның деректеріне сүйенсек, олар VIII-IX ғасырларға жатады және ертеде киелі, салттық маңызы болған. Бұл ескерткіш қазақ мәдениетіндегі алғашқы үй құрылысы өнерінің дамуын бейнелейді [4].

Дің-1 Екідің ауылының солтүстік-шығысына қарай 1,5 шақырым жерде, Қараторғай өзеннің оң жағында орналасқан. Одан солтүстік-батысқа қарай, өзеннің сол жағалауында, өзеннен 730 м жерде және Бейсен қыстауынан (Жәуке ауылы) солтүстік-батысқа қарай 1,5 шақырым жерде Дің-2 тұрғызылған. Киіз үй пішінді ежелгі заманғы екі құрылыс темір дәуірінің бастапқы кезеңіне жатады.

2 сурет. Екідің ғұрыптық ескерткіші

Дің-1 киіз үй пішінді, шығыс жағында есігі бар тас құрылыс. Іргетасынан бастап шеңберлене қаланып, жоғары көтерілген сайын бүрмелеп өрілген. Төменгі диаметрі (сыртқы өлшемі бойынша) 9 м, қабырғаның қалыңдығы 3м, биіктігі 4 м жуық. Бұл маңайда бұларға ұқсас кәптеген тас қорғандар бар.

Дің-2 Қараторғай және Сарыторғай өзендерінің қосылатын жерінде орналасқан. Құрылыс дөңгелек пішіндегі тас пирамидаға ұқсас. Іргетасынан бастап шеңберлене қаланып, жоғары көтерілген сайын бүрмелеп өрілген. Биіктігі 4,5 м, ішкі шеңберінің диаметрі 3,5 м, сыртқы диаметрі 7,5 м, төменгі қабырғасының қалыңдығы 2,5 м. Тастар құм қосылған жабысқақ сазбен байланыстырылған. Тік бұрышты есік шығысқа қаратылған. Төбесінде диаметрі 1,2 м болатын тесік жасалған. Ескерткіш 1982 ж. Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген [5,18 б.].

Жергілікті аңыз бойынша, XVII-XVIII ғғ. Екідің тұрған төбелер арасындағы алқапта



қантөгіс соғыс болған. Бір-бірімен жауласқан рулардың әскери басшыларының ордасы осы жерде орналасқан. Тастардан құралған сфералық пішіндегі ежелгі екі құрылыс діндер исламға дейінгі кезеңге жатады, сондықтан ауыл да Екідің деп аталады.

«Татыр шайқасы» ескерткіші, Жанкелді ауданы, Арқалық Торғай тас жолының бойында, Тауыш ауылынан 3 км қашықтықта орналасқан. Арқалық-Торғай тас жолымен бара жатып екі қарапайым ескерткіш белгіні көруге болады. Бұл ескерткіш Амангелді Иманов сарбаздарының патшаның жазалаушы әскеріне ойсырата соққы берген жеңісіне арнап қойылған. Ескерткіште «1916» деген сан анық көрінеді (3 сурет). Ол – Татыр көлінің жағасында болған шайқастың датасы. Ескерткіш 1977 жылы орнатылды.

Ескерткіш атауы әлдеқашан құрғап кеткен көлдің құрметіне берілген. Ескерткіште Татыр өзенінің бойында Аманкелді Имановтың қолбасшылық таланты айқындала түскен шайқастың уақытын көрсетіп тұрған «1916» саны айқын көрінеді. Ол 1916 жылғы көтерілістің қолбасшысы болды. Көтеріліске себеп патшаның қазақтың ер адамдарын тың жұмыстарына шақырту жарлығы болды. Жасақ жию астық жинау және малдарды қыстауға дайындау кезінде, астық дайындау кезінде өткізілді.Еңбекке жарамды барлық еркек қауымын шақырту онсыз да қоныс аударушылардың жарамсыз етіп тастаған жерінің берекесін кетіріп, қазақ шаруасының экономикасына зиянын тигізді.Қалған қазақтар 1916-1917 жылдары түгелдей аштықта қырылып жатты [6, 2 б.].

3 сурет. Татыр шайқасы ескерткіші

1916 жылдың қазанында Торғай және Ырғыз уезінен әрқайсысында 2-3 мың адамнан бар 20 отряд жасақталды. 1916 жылдың 21 қазанында 4 мың көтерілісші Аманкелді

Имановтың басшылығымен Татыр өзенінің бойында казак жүзбасыларымен және полицей отрядымен шайқасты. Өзен жағасын қаулай өскен ну қамыстың қалыңдығы сарбаздардың күтпеген жағдайларға торуыл жасауына, ұрыстың өз пайдаларына шешілуіне жақсы әсерін тигізді.

Көтерілісші қазақтар үшін бұл жеңіс тек әскери жоспарда ғана маңызды болып қойған жоқ. Оның маңызы моралды – психологиялық және әлеуметтік-саяси астарында жатыр. Бұл шайқас жайындағы хабар бүкіл қазақ даласына тарап, халық арасында Аманкелді Иманов пен 1916 жылғы шайқаста ерлік көрсеткен оның жасақшыларының мәртебесін асыра түсті. Татыр көлінің жанындағы шайқастың сәтті шығуы халықтың санасезімінің өсуіне және қазақ жерін түгелге дерлік қамтыған ұлт-азаттық қозғалыстың кеңеюіне ықпал етті [7, 27 б.].

Қорытындылай келе, қазіргі жаһандану заманында ұлттық санамызды жаңғырту арқылы ұлттық бірегейлігімізді сақтап қала алатынымызға көз жетіп отыр. Осы тұста ұлттық идеяның маңызы зор. Осы ұлттық идеяның бағыт-бағдарларының бірі киелі жерлерді насихаттау болып есептеледі. Яғни болашақ ұрпақ жалпыұлттық киелі нысандарды тану арқылы ұлттық бірегейлікті ұғынып, қазақ халқының сонау тас дәуірінен бері бір ел, біртұтас халық ретінде қалыптасқан ел екенін санасына сіңіре алады. Осы арқылы тұтас тарихи сана қалыптасады. Жаһандану үрдісінде қазақ киелі жерлер арқылы өз рухын жаңғыртып, асқақтатып, ұлттық болмысын, атадан балаға мирас болып келе жатқан ұлан- ғайыр жерін, тәуелсіздігін сақтай алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаева Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. – 2017. – № 70. Б.1.
2. Киелі жерлер бірлік пен жаңғыру нышаны : Баспасөз клиппингі / Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Л. Н. Толстой атындағы Қостанай облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ, Өлкетану әдебиеттері бөлімі ; [құраст. Ф. Ф. Исмаилова, Е. Ю. Стаценко ; шығ. жауапты: С. С. Сазанбаева ; ред. Д. Т. Дюсибаева]. – Қостанай : [ж. б.], 2019. – 1 шығ. – 60 б.
3. Круглова Л. Аркаим – 2: здесь до сих пор уцелили следы человека // Костанайские новости. – 2005. – 21 июня. – С. 6
4. Екідің ғұрыптық ескерткіші. https://qazir.kz/article/Eqidin_quryptyq_esqertqishi
5. «Екі дің» қайта жаңғырды // Қостанай таңы. – («Қостанай ақшамы» танымдық-тағылымдық, көңілашар қосымшасы). – 2017. – 27 қазан. – Б. 18АМПВП
6. Паул А. Сакральная география Казахстана: Обелиск «Татырское сражение» // Наше время. – 2018. – 9 августа. – С. 2.
7. Кушекбаева С. Мы а ответе за свои поступки // Наш Костанай. – (Приложение «Наш дом»). – 2018. – 11 мая. – С. 27.